

«LauRus» балабақша гимназия

«Кім ақылды?»

Логоподия ашық сабақ

2024-2025 оқу жылы

Бекітемін: А.А.А. 19.11.2024 ж.
 Әзірлеген: Р.А.А.

Пәні:	Логопедия
Сыныбы:	МАД
Күні:	19-20-21.11.2024 ж
Мұғалімнің аты- жөні:	Науканова Фатима Мирашовна
Сабақтың тақырыбы:	Кім ақылды?
Сабақтың мақсаты:	Суреттер бойынша ойларын білу.
Білімділік:	Белгілі бір әрекеттер жасау қажеттілігі, салыстыру, жалпылау, көрген-білгеніне жауап беру және сөйлеу қабілетін қалыптастыру.
Түзете-дамытушылық:	Дамыту ойынында баланың еске сақтау, ойлау қабілетін арттыру.
Тәрбиелілік:	Өнертапқыш, шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу.
Көрнекілігі	Тақырыпқа байланысты көрнекі материалдар, тапсырмалар, тақта, әуен, үлестірмелі материалдар.
Сабақтың әдісі:	Сұрақ - жауап, әңгімелесу, түсіндіру, бекіту.
Ұйымдастыру бөлімі:	- Оқушылармен амандасу. Смайликпен амандасу.
Психологиялық ахуал:	- Балалардың зейінін сабаққа аудару. Нейрогимнастика және жалпы моториканы қатыстырып жаттығу жасау (әуенмен сүйемелдеу арқылы.)
Мотивациялық қозғаушылық:	Ойын. «Мен де жақсы бала боламын». (Сурет бойынша баланың сөйлеу тілін дамыту) Педагог балаларды жағымды істерге жұмылдыру мақсатында «Мен де жақсы бала боламын» ойынын ойнауды ұсынады.     Балалар көрген мазмұнды суреттер арқылы өздерінің де істеген жақсы істері туралы айтып береді. -Жарайсыңдар!

Жаңа сабақ:

-Бүгінгі сабағымыз ерекше өтуде, интеллектуалды ойын түрінде болмақ. Тақырыбы: «Кім ақылды?» деп аталады.

Шарты: Тапсырмаларды орындау үшін алдымен алдарындағы сиқырлы қораптан сандарды таңдау арқылы экрандағы ұяшық санын ашамыз. Сол ұяшықтағы тапсырмаларды орындап, өз білімімізді, ақылдылығымызды анықтаймыз.

Балалар, сіздер үшін дайындалған керемет тапсырмалар мен ойындар дайын. Сіздер дайынсыздар ма?

- Иә!
- Ал ендеше, бастайық.

Жауап берген кезде алдарыңыздағы дабыл ойыншығын кім бірінші басады, сол оқушы жауап беретін болады. Ал ұяшықтардағы тапсырмаларды таңдау үшін бізге сиқырлы қорап көмекке келеді. (сиқырлы қорап)

1-ұяшық.

Тыныс алу жаттығуы. «Қар ұшқыны»



Балалар, бізге ұяшықтағы тапсырма тыныс алу жаттығуын орында деп тұр. Ол үшін бізге мына заттар керек.

Жаттығуды орындау үшін бәріміз ортаға шығайықшы.

Қолдарыңыздағы қағаздағы ақ қалтқыларды алдымен жай содан соң күшейтіп үрлейміз. Қар жауғандай әсер алайық.

-Жарайсындар!

2-ұяшық.

«Артикуляциялық жаттығулар» (әуенді ырғақпен)

«Сағат тілі»



«Сылақшы»



«Ат шауып келеді»



«Кеме»



«Әткеншек»



3-ұяшық.

«Тіл ұстарту жаттығуы» (қыс мезгіліне сай суреттермен әңгіме жүргізу, тіл ұстарту жаттығуларымен жаттықтыру)

Ыс – ыс – ыс,

Жыл мезгілі қыс



Ар – ар – ар,

Жауады қар.



На – на – на,

Зулайды шана.



Ран – ран – ран,

Соғады боран.

4-ұяшық. «Жеуге жарамды заттарды тап»

Шарты: Жеуге жарамды және жеуге жарамсыз заттарды қарындашпен қоршап сызу. (Әр бала жеке орындайды)



5-ұяшық. Сергіту сәті. Әуенмен түзету ырғағын орындайық.



6-ұяшық

«Әдепті бала»

I Апаң сенің базардан,
Алма сатып әкелді.
Ең үлкенін, жақсысын
Саған тандап әперді,
Не деп барып жеу керек?

Барлығы: «Рақмет апа» деу керек.



Рефлексиялық
түзетушілік:

II Балалар жүр көшеде,
Естіледі шу-айқай.
Сенде шықтың көршінді,
Қағып кетгін байқамай.

Мұндайда не деу керек?

Барлығы: «Кешіріңіз» деу керек.



Қортынды:

III Осы келген бетінде,
Допты қудың жарыстың.

Көшенің сол шетінде,

Кезікті бір танысың.

Ұмыттың сен не деуді?

Барлығы: «Сәлеметсіз бе» деу керек



IV Үй артында қоқысты,

Жатқан көптен үйіліп.

Тазалайды қарт кісі,

Белі зорға иіліп.

Не дегенің жөн еді?

Барлығы: «Көмектесейін» деу керек.



Балалар, сіздерге сабақ ұнады ма?

- Не ұнады?
- Ұнамаған нәрсе бар ма? (балалардың жауабы тыңдалады. Өз әсерлеріңізді смайликтермен көрсете қойыңыздар.)



Керемет



білмеймін



Оо білдім

-Жақсы балалар. Жарайсыздар! Барлық тапсырмаларды керемет орындадыңыздар. Сіздерге де көп-көп рақмет белсенділік танытып қатысқандарыңызға.